

Оңтүстік қазақстан мемлекеттік
педагогикалық институты

Нарманбет Орманбетұлы өмірі мен шығармашылығы

Орындаған: Абдужаббарова И.

Обы: 117-14

Қабылдаған: Нұрпейісов Н.

Дүниеге келген уақыты: 1859ж.

Туған жері: қазіргі ОҚО, Ақтоғай
ауданы, Нарманбет атындағы
ауыл Саға жері

Қайтыс болған уақыты: 1918ж.





Алдымен діни мектепте, кейін
Қарқаралыдағы екі сыныпты
орыс-қазақ мектебінде
оқыған. Араб, парсы, орыс
тілдерін жетік біліп, әдебиетімен
таныс болған. 12 – 13
жасынан өлең шығара бастаған.
Жастайынан ел басқару ісіне
араласқан. 1917 – 18
ж. Қарқаралы қаласында уездік
сот қызметінде болды.

- Нарманбет Орманбетұлы өлеңдерінің негізгі тақырыбы – оқу-білім, адамгершілік, ел тәуелсіздігі. Ол өмір құбылыстарын саралай келе, шындықты көркем бейнелеуге, оны философиялық ой-тұжырымдармен түйіндеуге ұмтылған (“Қасірет деген бір тау бар”, “Балалық күй”, “Шал қайғысы”)^[2]. Нарманбет Орманбетұлы отаршылдыққа қарсы “Оян, қазақ!” деп ұран тастап, 1905 жылғы дума сайлауында “Талап етер күн туды, кел ұйқыдан тұрайық” (“Сахараға қарасақ”) деп сөз бастаған. Ол орыс отаршылдығын, ел басындағы қасіретті, азаттыққа қол жеткізуді жырлаған (“Аждаһаның аузында”, “Ұран”, т.б.). Патшаның тақтан құлауын қуана қарсы алып, “Тілекті берген күн”^[3] атты өлеңін шығарса, оның “Айшаға”, “Жамалға”, “Дауысың қалай асыл”^[4] атты өлеңдері махаббат, жастық тақырыбына арналған. Нарманбет 1918 жылы Қарқаралыда совдептің уездік судьясы болып қызмет істеп жүргенде ауырып қайтыс болған. Абай дәстүріндегі Нарманбет сол кездің өзінде белгілі ақын, әрі шешен болған. Абай үлгісінде көптеген өлеңдер, нақыл өлеңдер, нақыл сөздер жазып шығарған. Ақын шығармаларының таңдаулы үлгілері 1939 жылы жеке жинақ болып және 1939-1944 жылдардағы хрестоматияларда жарияланған.

- Қоғамдық өмірге белсене араласқан Н.Орманбетұлы Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы халықтық үн көтерілген 1905 жылғы Қоянды жәрмеңкесіндегі атақты Қарқаралы петициясына қатысушылардың бірі болды. «Патша өкіметі бұл акцияны барып тұрған саяси күрес деп тауып, жергілікті басқару органдарынан бақылауды күшейтуді талап етеді. Дала генерал-губернаторы хұзырхатты ұйымдастырған адамдарды анықтап, олардың үстінен іс қозғау жөнінде Қарқаралы уезінің бастығына нұсқау береді. Уез бастығы Оссовский өзінің тексеру жұмыстарының барысында хұзырхатты дайындағандардың басшылары Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ж. Ақбаев екендерін дәлелдеп, қазақ тілінен орыс тіліне аударған Т.Нұрекенов болғанын да анықтап, олардың үстінен іс қозғап, арттарынан аңдушылар қойды». Бұл жерде атақты Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылар Алаштың көсемдері, соның ішінде А.Байтұрсынов десек, халқымыздың қоғам және әдебиет қайраткері Қарқаралыда бастапқыда сыныптық орыс-қазақ, кейін қалалық училищенің оқытушысы болғаны мәлім. Міне, Нарманбет ақын «Мектеп бастығына» өлеңінде А.Байтұрсыновтың ұлтты ағарту мен оятудағы қызметін ерекше бағалап, халқымыздың отарлық қысымдағы мүшкіл халын жеткізеді:

- Мүбәрәк болсын тойыңыз, Басында тұр қазақтың.
Мақпал болсын ойыңыз, Қатарында біз қалдық-
Зерек болып шәкірттер, Ойын-күлкі мазақтың.
Бәлент болсын бойыңыз! Дүниесін түзей бер!
Бұйырмаңыз айыпқа, ауыл алыс, Дін көңілді безей
бер!
Болмады тойғы сояр қойыңыз. Атын естіп
қорқамыз,
Қараңғы қасірет бұл күнде- Ақыретті дозақтың
(61,73).

- Ақын 1906 жылы Семей қаласында өткен Мемлекеттік Думаға депутаттықа кандидат ұсыну жөніндегі жиынға қатысса, 1907 жылы Семей облысының қазақтарынан Мемлекеттік Думаға сайланатын осы өңірдің сайлау жиналысының Қарқаралы уезі болыстығынан сайлаушысы да болып бекітіледі. Осындай әлеуметтік өмірге араласа жүріп, ақын патшаның отаршылдық саясаты қазақ халқын жерінен айыру, елдігін жою екенін терең ұғына бастайды. Ол «Сарыарқаға қарасақ», «Қазақ елі біз тұрмыз», «Шал қайғысы», «Ауыл қайғысы», «Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер» өзге де саяси-әлеуметтік тақырыптағы өлеңдерінде өз көрінісін тапты. Сондықтан да оның поэзиясының негізгі арқауы – патшалық отаршыл саясат озбырлығы, жер қайғысы, әлеуметтік теңсіздік, халық бостандығы болып келеді. Бұны белгілі әдебиетші ғалым Е.Ысмайылов: «Нарманбет – сөзсіз ірі талантты ақын, ол өз дәуірінің зор реалист сыншысы. Мұның творчествосында XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басындағы қазақ даласының саяси-экономикалық және әлеуметтік шындығы, бейнесі айқын көрінді. Нарманбет творчествосының негізгі мотивы – халықтың қоғамдық өмірін айтып, жырлап беру» - деп атап көрсеткен болатын.

- Міне, осы тұрғыдан алғанда ақын өз дәуірінің елдікпен сабақтас күрделі мәселелеріне сергек қарай отырып, әлеуметтік істерде де барынша беделді болды. Мәселен, ел игілігі үшін, халқының рухани кемелденуі үшін ақ адал еңбегімен тапқан қаржысын аямаған атақты қазақ меценаты Есенқұл Маманов 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Ашық хат, азаматтарға» мақаласында қазақ романдарына бәйге жариялағанын және сол шыңармалардың әділ бағасын берушілер қатарында Нарманбет Орманбетұлын да атайды. Мысалы: «Сыншылыққа мына мырзаларды лайықтаймын. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, екеуінің бірі, Мұхаметжан Сералин, Райымжан Мәрсеков, Шәкәрім Құдайбердин, Яқұп Ақбаев, Нармамбет Орманбетов һәм Нұрғали Құлжанов. Ардақты азаматтар! Жаңа бас көтеріп келе жатқан әдебиетімізг бір қызмет бола ма деп басталған ниет еді, бұған әрқайсыңыз ілтипат етіп, ұлт әдебиеті құрметіне сыншылықты қабыл етулеріңізді өтінемін».

- Есенқұл Мамановтың әлеумет мұңын жырлап, халық мүддесін көздеген Нарманбет ақынға деген ерекше ілтипаты десек, сонымен қатар Қазан төңкерісіне дейінгі ұлт баспасөзін ыждахатты зерттеуші Ү.Субханбердина атап өткеніндей, Н.Орманбетұлы «Қазақ» газетіне хабар жазған, тілшілік міндет атқарған.
- Соның ішінде Нарманбеттің «Қазақ» газетінің шығарушыларына жазған хаты да аса құнды мұра деуге болады. Мұрағаттағы Т. Ахметұлының Нарманбеттің өлеңдер жинағына жазған алғы сөзінен алынған хат мәтінін толығымен келтірмекпіз. Өйткені бұл маңызды мұра әлі ешқандай басылымда жарияланғаны жоқ. Ол ақынның азаматтық тұлғасындағы елшілдік қасиетті танытумен қатар қазақ зиялыларын ақыл-парасатқа шақырған озық ойын да айғақтай түседі.

- Қазақ әдебиет тарихында туған елінің бодандық қалпын ерекше бейнелеумен қалған Нарманбет Орманбетұлы сияқты елшіл ақынның «Алаш» қозғалысынан тыс қалуы мүмкін емес еді. Оны жоғарыдағы ақын өлеңдерінен, сол ұлт-азаттық қозғалыс тұсындағы ұлтжанды әрекеттерінен байқадық. Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақпаев сияқты қайраткерлердің пәрменді істеріне үн қосқан Нарманбет Орманбетұлының ұлт тарихындағы осы оқиғадан алар өзіндік орны бар.

- *Халықтың өткен өмірі жалпықоғамдық мәні бар тәжірибе ретінде қорытылып, белгілі бір дәрежеде ұлт игілігіне асқанда ғана құндылыққа айналады. Онсыз өткен тарих қысыр әңгіме ғана. Егер біз Алаш қозғалысын ұлт тарихында ерекше орны бар құбылыс ретінде ғана бағалаумен шектелсек, онда оны түсіне алмаған ұрпақ болып шығар едік. Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытылып, жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни ұлттық дүниетаным мен ұстанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал Алаш қозғалысы сол дүниетанымдық тарихтың өзегі.*

Мәмбет

Қойгелдиев